

**С. Смағұлов – әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің
оқытушысы**

«Қазақстан тарихы» пәнін оқытуда көркем әдебиетті пайдалану

Жоғары оқу орнында студенттерге «Қазақстан тарихы» пәнін оқытуда көркем әдебиетті пайдалана білу – студенттердің тарихи мәселе туралы ұғымдарының терең, жүйелі болуына, тарихи мәселелерді нақты тұжырымдап, ғылыми қорытынды шығара білуге үйретудің оңтайлы жолдарының бірі. Көркем әдебиет тарихи деректерді студенттің образды түрде қабылдауына, пәнге деген ынталылығын арттыруға жәрдемдеседі. Бұл пәнді оқытуда көркем әдебиетті үйлесімді пайдалану студент-жастарды патриотизм, отансүйгіштік рухында тәрбиелеуге игі ықпал ететіні аян. Сондықтан ЖОО-да Қазақстан тарихын оқытатын алдыңғы қатарлы оқытушылардың тәжірибелерін, оқыту әдістерін жетілдіре түсу саласындағы зерттеулерді қорытындылай келіп, Отан тарихын оқытуда көркем әдебиетті пайдалану және оның әдістемесін айқындай түсуді осы мақаламызға өзек еттік.

Қазақстан тарихын оқытуда көркем әдебиетті пайдалану әдістемесі қазірде өзекті мәселенің бірі болып отыр. Өйткені бұл пәнді оқыту барысында орайын тауып, тиімді пайдаланылған көркем әдебиет студенттің ақыл-ойын, адамгершілік қасиеттерін қалыптастырып, эстетикалық танымын жетілдіруге және эмоциялық әсер алуына ықпал етеді, сонымен бірге студенттің өздігінен ізденуіне мүмкіндік туғызады. Сондай-ақ реформа талаптарына сәйкес Отан тарихын оқыту барысында көркем әдебиетті қисынды қолдана білу қажеттігі арта түсуде.

Бұл мәселені арнайы қарастырудың тағы бір маңызды жағы Қазақстан тарихының өзіндік ерекшелігіне байланысты болып отыр. Өйткені Қазақстандағы қоғамдық ойлар, қазақ халқының тарихы оның әдебиетімен тығыз байланысты. Қазақ халқының басынан өткен тарихи оқиғалар оның реалистік бағыттағы көркем әдебиетінің көрнекті үлгілерінде тарихи шындық тұрғысынан соншалық дәлме-дәл суреттеліп отырған. Сабақ барысында тарихи оқиғалар мен мәселелерді түсінікті етіп баяндауда, тарих ғылымының түйінді мәселелерін эмоциялық әсермен жеткізуде тарихи-көркем әдебиеттің маңызы зор. Сондықтан Қазақстан тарихын оқытуда көркем әдебиетті пайдалану әдістерін арнайы қарастырып, көпшілікпен пікір алмасуды мақұл көрдік.

Қазақстан тарихы жоғары оқу орнында оқылатын басты да негізгі пәндердің бірі. Кешегісіз бүгінгіміз, ал бүгінгісіз ертеңіміз жоқ екенін шәкірт тарих арқылы білетіні ақиқат. Олай болса, мәселе пән оқытылса жетеді деген түсініктен айығып, қайта осы пән арқылы халқының тарихын терең ұғынып, оны саналы меңгеру арқылы адамгершілік сапалар негізін дәрісте алуға тиісті деп қараған жөн. Тарих сабағы – адамгершілік пен отаншылдыққа баулып,

өткен өмірді терең білу арқылы ертеңге деген дұрыс бағдар жасаудың тиімді жолы болуға тиіс.

Көркем әдебиет тарихи шындықты көре білуге, өзінің азаттығы мен бостандығы үшін күресуші халықтың ерлік істеріне сүйсіне қарауға үйретеді. Қоғам дамуының күрделі мәселелерін терең ұғыну үшін көркем әдебиетті пайдалану студенттің ойлау қабілетін жетілдіреді. Сонымен қатар көркем әдебиет оқытушының тиісті мәселені түсінікті, дәлелді, мазмұнды жеткізіп, студентке теориялық ұғымдарды меңгеруіне жәрдемдеседі. Көркем әдебиет студентке терең білім беріп, рухани дамуына көмектеседі. Тарихты оқытуда көркем әдебиетті пайдалану студентті еңбектене білуге үйретеді. Сөйтіп оның оқып-үйренуге қызығушылығы арта түседі.

Жалпы, тарихи білім өз-өзінен меңгеріліп, қабылдана салмайды, ол жан-жақты ойлануды, еске сақтауды, оны игеруге бағытталған ақыл-ой әрекеттерін орындауды талап етеді.

Тарихты оқытуда әдеби шығармаларды қолдана білу – тарихи шындықты жете ұғынып, өзінің азаттығы мен бостандығы жолында күрескен халықтың ерлік істеріне сүйсіне қарауға үйретеді. Мәселен, М.Әуезовтің «Абай жолы» романы студенттерге ХІХ ғасырдағы қазақ халқының жай-күйі, тұрмысы, кәсібі, салт-санасы туралы жан-жақты түсінік берсе, С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романы Қазақстандағы 1916-1920 жылдар аралығындағы оқиғалардың қайшылықтарын ұғынуына көмектеседі.

Қазақстан тарихын оқытуда тарихи-көркем әдебиетті пайдалану студенттердің тарихи оқиғалар мен құбылыстарды ойына ұзақ сақтауына әсер етеді. Өйткені тарих қоғамдағы оқиғаларды нақты деректермен дәлелдесе, тарихи-көркем әдебиет сол оқиғаларды бейнелі кесіммен елестетеді. Сөйтіп, тарихи деректі жай бір өтіп кеткен іс, оқиға, факті ретінде емес, адам тағдыры, оның басынан кешкен сан қилы оқиғалар ретінде түсініп, оған терең мән бере тебірене қарауына ықпал етеді.

Тарихи-көркем әдебиет дәуірдің қоғамдық-саяси сипатын, сол кезеңдегі оқиғаның даму барысын дұрыс түсінуге көмектеседі. Оқушы типтік бейнелерді білу арқылы тиісті дәуірдің тынысын, заман келбетін терең де жан-жақты сезініп, айқын тануға мүмкіндік алады. 1916 жылдың қарсаңындағы қазақ халқының жағдайы мен ұлт-азаттық көтерілісі, кеңес өкіметінің орнауы Ғ.Мұстафиннің «Қарағанды», Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер», Х.Есенжановтың «Ақ Жайық», З. Шашкиннің «Тоқаш Бокин» романдарында шебер бейнеленген. Мұндай көркем туындылар студент ойын тарих қойнауына тереңірек бойлаттырып, сол кезеңді жете саралауына жетелейді. Егер студент тарихи мәселені терең, дұрыс түсінген болса, тарихи-көркем әдебиетте суреттеліп отырған қоғамдық қайшылықтарды ғылыми түрде ұғынып, оған орынды түрде талдау жасай алады. Мұның өзі тарихи фактіні саналы ұғынумен бірге, студенттің бойына ғылыми көзқарас қалыптастыруға тәрбиелейді.

Отан тарихын оқытуда ретті пайдаланылған тарихи-көркем әдебиет студенттердің тарихи кезеңді терең түсініп, қоғам мүшелерінің арақатынастарын кеңінен танып, тарихи үрдістердің өмірлік маңызы бар

күрделі мәселе екенін жан-жақты ұғынады. Одан бүгінгі өмірге қатысты дұрыс тұжырымдар шығарып, адамгершілік тәлім алады.

Қазақстан тарихын оқытуда үйлесімді пайдаланылған көркем әдебиет студент-жастардың өз халқына, оның алдыңғы қатарлы дәстүріне деген сүйіспеншілікке, оны құрметтей білуге тәрбиелейді. Мысалы, XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстандағы отарлық езгіге қарсы Исатай Тайманұлының басшылығымен болған шаруалар көтерілісінің мәнін жеткізуде Махамбет жырларын және Ә.Әлімжановтың «Махамбеттің жебесі» романын пайдалану студенттің еліне деген сүйіспеншілігін, патриоттық сезімін оятады, өзінің азаттығы жолында күрескен ата-бабаларын құрметтеп, олардың ерлік дәстүрін мақтан тұтуға ынталандыра түседі.

Сонымен көркем әдебиет, әсіресе тарихи-көркем әдебиет студенттің Отан тарихы пәнінен игеретін білімінің сапасын жетілдірумен қатар, сезіміне, түсінігіне әсер етіп, тәрбиелік ықпал жасайды. Ол әдеби кейіпкер, образ арқылы өткен өмірге, тарихи шындыққа үңіліп, оны терең танып, ол жөнінде ойланып-толғанып, тиісті тұжырым жасайды. Білім, тәлім-тәрбие алады.

Көркем әдебиетті қисынды пайдалану тек студент үшін ғана емес оқытушы үшін де қажет. Көркем әдебиет оқытушының тарихи мәселені түсіндірудегі ойын тартымды да көркем тілмен, көңілге қонымды баяндауына мүмкіндік береді. Көркем әдебиет студенттің де, оқытушының да сөздік қорын дамытып, ой-пікірін нәрлендіріп, ойын оралымды жеткізуіне көмектеседі.

Отан тарихын оқытуда ретті және үйлесімді пайдаланылған көркем әдебиет студенттің қазақ халқының тарихи өткен жолын, ұлт азаттығы жолындағы қаһармандық күресін, еліміздің дәулеті мен мәдениетін дамытуға сіңірген ерлік еңбегін терең біліп, одан үйреніп, тәлім алуына ерекше ықпал етеді.

Қазақстан тарихын оқытуда қолданылатын әдебиет нұсқаларын мынадай үш салада топтастырған жөн: біріншісіне авторы сөз болып отырған тарихи дәуір кезінде өмір сүріп, тарихи оқиғаны өзінің шығармасына арқау еткен туындылар мен ғұмырнамалық (мемуарлық) шығармалар, екіншісіне авторы тарихи дәуірден кейін өмір сүргенімен тарихи оқиғаны зерттеп, оны өзінің ой елегінен өткізу арқылы жазылған көркем шығармалар, ал үшіншісіне фольклорлық тарихи көркем шығармалар жатады.

Сонда бірінші топқа белгілі бір тарихи оқиға тұсында өмір сүріп, оның тікелей куәгері болған ақын-жазушылардың тарихи ақиқатты көрсететін туындылары іріктеледі. Бұған XIX ғасырдың бірінші жартысындағы шаруалар көтерілісі туралы Махамбет Өтемісұлы жырлары, Қазақстанда кеңес өкіметін орнату жолындағы оқиғаларды суреттейтін Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу», С.Мұқановтың «Өмір мектебі», Ұлы Отан соғысындағы қазақ жауынгерлері туралы жазылған Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ солдаты», Ә. Нұрпейісовтың «Күткен күн» романдары, партизандардың ерлігін суреттеуге арналған Қасым Қайсеновтың «Жау

тылындағы бала», Әди Шәріповтің «Партизан қызы» шығармалары және басқа да туындылар жатады.

Екінші топтағы шығармаларға өзінен бұрынғы өткен тарихи мәселелер төңірегіндегі деректер мен мағлұматтарды жинақтап, зерттеу барысында жазған жазушылардың еңбектері жатады. Бұған мысал ретінде Әуезовтің «Абай жолы», Ілияс Жансүгіровтің «Күй», Сәбит Мұқановтың «Аққан жұлдыз», Әнуар Әлімжановтың «Махамбеттің жебесі» секілді туындыларын атауға болады.

Үшінші топқа халық творчествосы – фольклорлық тарихи шығармалар жатады. Мұндағы бір ерекшелік – бұл топтағы шығармалар кейде анық тарихи оқиғаға негізделген жырлар, мақал-мәтелдер, аңыздар, кейде кейіпкерлері тарихта болған адамдар туралы жазылған шығармалар түрінде кездеседі. Қазақ халқының ғасырлар бойы жүргізген азаттық жолындағы күресі әдебиеттен де терең орын алған. Мұны ауыз әдебиеті шығармаларынан байқауға болады.

Отан тарихын оқытуда пайдаланылатын көркем әдебиетті іріктеуді мерзімдік жағынан бұлай топтастыру қазақ әдебиетінің өрістеуіндегі және халқымыздың қоғамдық дамуындағы ерекшеліктері мен өзгешеліктеріне үйлесімді келеді. Өйткені біздің көркем әдебиетіміз қазақ халқының тарихи дамуының көркем шежіресі іспетті. Зер салып қараған адамға қазақ қоғамының тарихи дамуының барысындағы үлкенді-кішілі оқиғалардың көркем әдебиетте суреттелмегені, жырланбағаны жоқтың қасы. Қазақ халқының басынан өткен тарихи оқиғалардың көпшілігі әдебиеттен тиісті дәрежеде орын алып отырған. Сол себепті қазақ халқының тарихын зерттеушілердің бәрі де қазақ әдебиетінің мұраларына үңілмей кете алмайды. Қазақ халқы – өзінің тарихын әдебиеті арқылы баяндаған халық. Оның әдебиетінде кейбір образдық әсірелеуіне қарамастан тарихи деректер мен айғақтар соншалық мол да ұтымды берілген. Қазақ халқының тарихы мен әдебиетінде мән-мазмұны жағынан бір-бірімен өте тығыз байланысты келіп отыратын мәселелер аз емес. Былайша айтқанда, қазақ халқының басынан өткен түрлі тарихи оқиғалар, қоғамдық даму барысындағы түрлі мәселелер оның әдебиетінде де із қалдырған.

Осы топтағы шығармалардың кез келгені тарихты толықтырып, кеңірек мағлұмат береді. Тарих пен әдебиет бірін-бірі толықтырып, терең түсінік беруге жәрдемдеседі. Ауыз әдебиетінде халық өзінің тарихын, басынан кешкен оқиғаларын, тарихи кезеңде өмір сүріп, қолбасшылық еткен нақты адамдарды кең пейілімен суреттеп, олардың бойына ерлікті, ақылдылықты, алып тұлға мен асқан шешендікті, көсемдікті үйіп-төгіп, ұмытылмас ірі тұлғалар жасаған. Халық өзінің арман мүддесіне сай болуы тиісті-ау деген талап-тілегін де сол кейіпкерлерге жүктеп, соның бойына сыйғыза суреттеген. Халық өзінің мұратына лайық батыр ұлдары мен қыздарын, олардың ерлік, адамгершілік сипаттарын жырлап, тарихи оқиғаларды сол кейіпкерлер арқылы, солардың бастарынан өткен істері арқылы жеткізіп отырады. Батырлар жырының көбінің негізінде тарихи оқиға жатады. Қазақ ауыз әдебиеті ел тарихымен тығыз байланысты. Тарихи деректің бай көзі –

батырлық жыр толғаулар. Эпостың негізгі ерекшелігі – оның тарихпен, тарихи оқиғалармен байланыстылығы. Ауыз әдебиеті материалдары қоғам өмірінен, тарихи болмысынан құнды деректер береді.

Ғасырлар бойы өмір сүріп келген осы бір дәстүрлі жырлардағы тарихи деректерді, еліміздің тарихын оқытуда орынды пайдаланудың мәні зор. Ол біріншіден, тарихи шындықты терең түсінуге жәрдем етсе, екіншіден, сол кездегі халықтың көркемдік ойының дәрежесін байқауға мүмкіндік берді, үшіншіден, халықтық дәстүрді құрметтей қарауда тәрбиелік мазмұнға ие болды.

Көркем әдебиетті пайдалану студенттерді тиісті мәселені тарихи тұрғыдан ойлай, салыстыра білуге, одан тиісті қорытынды шығара білуге жаттықтырады. Ал тарихи-көркем әдебиеттен келтірілген үзіндінің мазмұны тартымды, көркем, пікірі тиянақты, әсерлі болуымен қатар, көлемі ықшам болғаны жөн. Сонымен қатар, логикалық жағынан үйлесімді болып, алдын ала іріктелген әдеби үзінділер тақырыптың ішкі мәнін тереңірек ашуға жәрдемдесуі керек. Сабақ үстінде тарихи-әдебиетке бөлінетін уақыт 3-4 минуттан артпауы тиіс. Онда белгілі бір тиісті шығармадан сабақтың тақырыбына сай үзінді оқылуы, цитат келтірілуі, немесе мазмұндау, сілтеме жасау әдістері қолданылуы мүмкін. Мол тарихи-көркем әдебиеттің бәрін бірдей сабақта пайдалану мүмкін емес, сондықтан тарихи оқиғаға байланысты әдебиеттерге сілтеме жасауға да мән беріледі. Сонымен тарихи күрделі құбылыстарды тиянақты түсіну үшін қолданылатын көркем әдебиетті пайдаланудың негізгі тәсілдері – үзінді оқу, цитата келтіру, өздігінен атқаратын істер, мазмұндау, талдау, сілтеу, салыстыру және түрлі жазбаша жұмыстар. Бұл әдістер студентті тарихи мәселеге өзіндік тұрғыдан баға бере алуға жаттықтырумен қатар олардың дербестігін дамытады.

Қорыта келгенде, Қазақстан тарихы пәні бойынша тарихи оқиғаны баяндауда тарихи-көркем әдебиеттен келтірілген мәліметтер мен мысалдарды нақты деректермен қабыстыру студенттің тарихи құбылысты терең тануына және оны бір-бірімен салыстыру барысында тиісті пайымдау жасауына мүмкіндік туғызады. Бәрінен бұрын тарихи деректі белгілі межеде өзіндік тұрғыдан танып, түсініп, оны жан-жақты ұғынуға деген ынтасын арттыра түседі. Соның нәтижесінде студенттің өздігінен ізденіп, кітапханалық көрсеткіштер мен анықтама арқылы түрлі жүйедегі әдебиеттерді тауып алуына, оны қажетіне лайық пайдалана білуіне мүмкіндік туады. Іздену барысында студент баяндама әзірлеуге, реферат жазуға төселіп, жолдастарының еңбегіне сын көзбен қарауға оған сын-пікір айтуға үйренеді.

Резюме

В данной статье рассматриваются методы и способы использования художественной литературы в процессе преподавания истории Казахстана в ВУЗ-е. История казахского народа тесно связана с ее литературой. Исторические события, пережитые казахским народом, нашли точное отражение в художественной литературе. Поэтому, историко-

художественная литература в глубоком и разностороннем разьяснении исторических событий и проблем, в эмоциональном преподнесении актуальных проблем истории Отечества, имеет большое значение.

Summary

This article considers the methods and ways to use literature in teaching the history of Kazakhstan in University. History of the Kazakh people is closely associated with its literature. Historic events experienced by the Kazakh people are reflected definitely in the literature. Therefore, historical literature is very important in deep and various explaining of historical events and issues and in the emotional uttering of actual issues of Homeland history.